



«Модерн» би мектебінің бизнес жоспары

Орындаған: Абдулла Б, Жақсылық А, Кенжебаева Г

Қабылдаған: Сарсенбаева А.О

Пәннің аты: Қаржылық талдау және жобаны бағалау

БИЗНЕС ЖОБА

Жоспары:

1. Жобаның түйіндемесі
2. Жобаны іске асыру мерзімі мен негізгі кезеңдері
3. Объектінің сипаттамасы
4. Маркетинг жоспары
5. Құрал-жабдықтың техника-экономикалық мәліметтері
6. Қаржы жоспары
7. Тәуекелділікті бағалау
6. Қорытынды

Жобаның түйіндемесі

Ұсынылып отырған жоба би мектебін құрудың жоспары.

Жобаның жетекшілері: Абдулла Б, Жақсылық А, Кенжебаева Г.

Жобаның идеясы: Би мектептерін құру идеясы келесі мақсаттарды көздейді:

- Кәсіпорынды құру
- Пайда табу
- Би үйрету сабақтарын нарықта ұсыну

Жобаны қаржыландыру: коммерциялық несие алу арқылы.

Несиенің мөлшері (соммасы) 350 895 тенге.

Кәсіпорынның сипаттамасы: би үйрету қызметін көрсету.

Жобаның құны: 350 895 тенге.

Жоба өзін-өзі ақтау мерзімі 1 жыл.

Инвестордың табысы - 3 810 000 тенгені құрайды.

Алған несие бойынша төлемдер жобаның бірінші айынан басталады.

Іске асыру жобасының қарызын қайтару- бірінші айдан басталады.

Несие жылына 17% мөлшерлемесінде алынады.

Жобаның өмірлік циклы 1 жыл.

Жобаның өзін-өзі ақтау мерзімінің басталуы - 4 ай

Жобаның жалпы экономикалық тиімділігінің соммасы 652 920 теңгені құрайды.

Жобаны іске асыру мерзімі мен негізгі кезеңдері

Жобаны іске асырылуы несие алған соң басталады. Аяқталу мерзімі 12 ай.

Жобаның іске асырылуы келесі кестеде сипатталған.

«Жоба кезеңдері»

1 кесте.

<i>Жоба кезеңі</i>	<i>Орындалу шарттары</i>	<i>Орындалу мерзімдері</i>
Жобаның басталуы		Бірінші ай
Кәсіпорынның тіркелуі (Жеке кәсіпкерлік)	Қажетті құжаттардың болуы	Бірінші ай
Несие алу	Қажетті құжаттардың болуы	Бірінші ай
Кәсіпорынға қажетті орынды (ғимарат) іздістіру	Ғимарат ішіндегі орында жалға алу туралы келісім-шарт жасасу	Бірінші ай
Қажетті құрал жабдықтарды сатып алу		Бірінші ай
Қызметкерлерді жалдау	Жұмысқа алу туралы келісім- шарт жасасу	Бірінші ай
Маркетингтік іс-шараларды өткізу	360 күн	Жыл ішінде

Объектінің сипаттамасы

Би мектептері биге қызығушылық танытып би үйренем деушілерге би үйрету.

Сондықтанда бұл қызметті тұтынушылар:

- Өз дене-тәнін жақсы формада ұстап, би үйренгісі келетін адамдар;
- Қазіргі заман талабына сай әдемі билеу мен әсерлі қимылдарды үйренгісі келетін адамдар;
- Достары мен жастар арасында өзін еркін әрі жақсы сезінгісі келетін адамдар.

Қазіргі таңда би -билеу барлық жастар арасында танымал: балалар би арқылы

дене икемділігін дамытады және денсаулығын жақсартады, ал үлкендер болса биді спорттың балама түрі ретінде пайдаланады,

зейнеткерлер мен қарт адамдарға сөйлесу ортасын кеңейтіп, бос уақытын қызықты өткізуге мүмкіндігін береді.

Әлем тарихында 100 ден аса бидің түрлері бар. Қазіргі таңда келесі билердің түрлері үйретілуде.

Соның ішіндегі танымалы:

- Классикалық би түрін үйрену: Классикалық вальс, вендік вальс, кадрил, квикстеп, мазурка, менует, чарльстон, ча-ча-ча.
- Латынамерикандың билер: Аргентиндік танго би, болеро, румба, сальса, самба;
- Шығыс би: «танец живота» (belly dance);
- Заманауи би: брейк, hip-hop, r'n'b, new style, club-dance, house, girls style, L. A. Style, break-dance.

Би мектебін ұйымдастыру жоспары 350 895 теңге сомма көлемінде инвестиция тартуды көздеп отыр.

Би мектебін ұйымдастыру үшін 80-100 шаршы метр көлемінде орынды жалдауды қажет етеді.

Биді сапалы үйрету мақсатында топтарда 5-6 би үйренушілерден тұрады.

Бір би үйрену сабағының ұзақтығы 90 минут.

Айлық абонемент айына 12 би сабағынан тұрады (аптасына 3 рет).

Бизнес ретінде би мектептері қысқа мерзімде өзін-өзі ақтау мүмкіндігі бар.

Би мектебін жайлы (спальный) аудандарда ашу жоспарлануда. Бұның себебі, би мектебінің адамдардың үйлерінен алыс емес жерде орналасуы клиенттердің көптеп келуін қамтамасыз етеді. Яғни адамдар жолға кететін шығындары мен уақытын үнемдей алады. Көптеген адамдар үшін би мектебінің үйден екі қадам жерде жақын орналасуы, оларды сабақтан соң немесе жұмыс уақытынан кейін және үйде отырған қарапайым үй шаруасындағы адамдарға тартымды фактор болып табылады. Аэробикалық және би жаттығулары фитнес пен өзгеде спорт түрлерін алмастыра алады. Әрбір қыз баланың немесе әйел адамның кез келген шақтағы негізгі мәселесі әдемі әрі тартымды болу. Ал би денедегі артық салмақтан айырылуға жақсы көмектеседі.

Би мектебін ашу үшін орынды (би залын) іздестіру барысында, жалға алатын бөлменің жағдайына, оның таза ауамен желдетілу (вентиляция) мүмкіндіктерінің болуына аса көңіл бөлінуі керек.

Би үйретушілердің кадрлық құрамы - Алматы қаласының хореографиялық колледждер мене академия студенттері арасынан іріктеліп алынады.

Би мектептерінің негізгі клиенттері балалар, жас -өспірімдер, 30 жасқа дейінгі жас адамдар және зейнеткерлер. Олардың мақсаттары денсаулығын жақсарту мен биді кәсіби деңгейде үйрену.

Бүгінгі күні нарықтағы күшейіп келе жатқан бәсекеге қарамастан би мектебі болашағы бар бизнес ретінде қарастыруға болады.

Алматы қаласы бойынша би мектептері қызметінің орташа ақысы:
2 кесте.

<i>№</i>	<i>Сабақ түрі</i>	<i>Бағасы</i>
1	Айлық абонемент (10 сабақ)	14 000 - 27 000 теңге
2	1 реттік сабақ	1 500 - 4 000 теңге
3	Жеке сабақтар (үйретуші бір үйренуші)	3 000-7 000 теңге
4	Бағыт бойынша би үйрену сабағы	18 000 - 35 000 теңге

Құрал-жабдықтың техника-экономикалық мәліметтері

Би мектебін ұйымдастыруға қажетті негізгі құрал жабдықтар:

- Музыкалық құрал-жабдық (Музыкалық орталық);
- Дауысты күшейтушілер;
- Ілгіш;
- Қалқа (ширма);
- Стол;
- Орындық;
- Ұзарытқыштар мен жалғастырушылар;

Қаржылық жоспар

Болжамданған кірістер (табыстар) құрлымы келесі талдауларға негізделген:

- Би мектептерінің қызметіне тұтынушылардың сұранысын талдау;
- Нарықтағы би мектептері ұсынған қызметтерді талдау;
- Би үйрету мектептері қызметтерін жалпы нарықтық жағдайын талдау.

Би мектебінің қызмет көрсетудің есептік кезеңіндегі жоспары

3 кесте.

Кезең	Қызмет атаулары	Қызмет көрсетуді жүзеге асыру (абонементтер) көлемі (айына)	Абонементтің бағасы (12 сабақ)	Қызмет көрсетуден түскен түсім (табыс)
Бірінші ай	Топтық сабақтар	4-5	15 000	60 000
Екінші ай	Топтық сабақтар	8-9	15 000	120 000
Үшінші ай	Топтық сабақтар	12-13	15 000	180 000
Төртінші ай	Топтық сабақтар	18-19	15 000	270 000
Бесінші ай және келесі айлар	Топтық сабақтар	24-25	15 000	360 000

Егерде нарықтағы жағдай кәсіпорынның дамуына оң әсерін тигізсе, би үйрету мектебінің көрсететін қызметінің көлемін 360 мың теңгеге жеткізуге болады.

Жоспарланып отырған шығындар - капиталдық және ағымдағы шығындардан құралады.

4 кесте


№	Шығын атаулары (Капиталдық шығындар)	Саны (шт.)	Кезеңдер	Шығын соммасы
1	Музыкалық құрал-жабдықтар	1 шт.	Первый месяц проекта	60000
2	Дауысты күшейткіштер	1 шт.		8000
3	Ілгіш	2 шт.		7000
4	Қалқа (Ширма)	2 шт.		12000
5	Стол	1 шт.		6000
6	Орындық	1 шт.		3000
7	Орындықтар (Скамейка)	2 шт.		9000
8	Ұзарытқыштар мен жалғастырушылар			3000
	Барлығы			108 000

№	Шығын атаулары (Ағындағы шығын)	Саны (шт.)	Кезең	Айсайынғы шығын	Шығын соммасы
1	Би залын жалдау	80-100 кв.м.	Жобаны жүзеге асыруда	90 000	1 080 000
2	Тренер	2		80 000	960 000
3	Электроэнергия	кВт/сағ.		2 000	24 000
4	Бөлме тазалау	1		30 000	360 000
5	Өзгеде шығындар			2 000	24 000
6	Несие төлемдері (несие соммасы 350 895 тенге, пайыз мөлшері 17% жылына)	1 шт.		34 215	410 580
7	Салық мөлшері 5%	2 шт.			190 500
	Барлығы				3 049 080

Инвестициялардың қаржы- экономикалық негіздемесі

Жобаны іске асыру үшін 350 895 тенге мөлшерінде қаржы салымы қажет. Қаржы несиеге алынады. Несие мерзімі 12 ай. Несие пайызы – 17% жылына.

Жүргізілген алдын ала есептеулер бойынша кәсіпорын өзінің қызметінің 4-ші айында шығынсыз нүктеге (өзін-өзі ақтау) жетеді. Бұл кезеңде бірінші пайда көлемі 18 285 теңгені құрайды.



3 сурет. – Есептік кезеңдегі жоба бойынша ақша ағымы
(есептік кезең 12 ай)

Жобаның алғашқы 3 айында кәсіпорын пайда әкелмейді. Бұл жағдай осы кезеңде негізгі капитал салымдарының (бизнеске ақша салу) болуымен түсіндіріледі. Үшінші айдың соңында ғана кәсіпорын бірінші пайда әкеледі. Пайданың мөлшері 18 285 теңгені құрайды.

Жоба бойынша есептік кезеңде жалпы шығындар 3 157 080 теңгені құрайды. Жоба бойынша жалпы пайда 652 920 теңгені құрайды.

Қорытынды

Бизнестің бұл түрі (би үйрету мектебі) табысты әрі болашағы бар екенін жүргізілген есептеулер мен талдаулар көрсетіп отыр. Бұл істің ең басты шарты шеберлігі жоғары мұғалімдердің болуы мен би үйрету мектебінің клиенттер үшін қолайлы жерде (үйлеріне, жұмыс орындарына жақын) орналасуы.

Би үйрету мектебін ашу жоба басшысынан білімі мен күш-ерік жігерін салуын талап етеді. Сонымен қатар, құжаттарды дұрыс тіркеуді және әр түрлі маркетингтік амалдарды қолдануды қажет етеді.

Бұл іс экономикаға, қоғамға және кәсіпкерге пайда әкеледі, сонымен қатар жобаның әлеуметтік маңызы бар.

